

игерудің тау-кен-геологиялық, технологиялық жағдайларының төмендеуі сияқты техногендік тәртіп жағдайы да себеп бола алады.

Жоба шеңберінде іске асырылатын ЖП МББЖ ақпараттық жүйесін 100%-дық қамтуға, тиісті нормативтік-құқықтық актілер мен регламенттерді қабылдау арқылы қол жеткізілуі мүмкін. Өндіруші салалар қызметінің ашықтығын, мемлекеттің осы сектордан түсетін кірістері туралы ақпараттың қол жетімділігін арттыру мемлекеттің тұрақты дамуының маңызды аспектісі болып табылады [9, 536].

2002 жылы Йоханнесбург қаласында тұрақты даму бойынша өткен Дүниежүзілік саммитінде Ұлыбританияның премьері – Тони Блэр «ашықтық бастамасын» ұсынды. 2005 жылдың қазан айында Қазақстан Республикасында ашықтық бастамасының халықаралық өлшемдерін енгізу өтініші болып табылатын (ЕІТІ) ашықтық бастамасын іске асыру жөніндегі Меморандумға қол қойылды. Соның өзінде Қазақстандағы 300-ге жуық жер қойнауын пайдаланушылардың ішіндегі 135-і ғана ЕІТІ стандартымен қамтылуда. Бұл көрсеткіш ЕІТІ-нің тәртібіне лайық емес. Өйткені қажетті 100%-дық көрсеткіштің орнына 50%-ынан кем көрсеткіш баршамызға мәлім болып отыр. ӨБК-нің пайда болуы мұнай саласындағы жүргізілетін операцияларының ашықтығына алғашқы бастама ретінде көрініс тапты.

Осыған байланысты еліміздің жер қойнауы қызметі саласындағы барлық компаниялар ЕІТІ-ге мүше болып кіретін болса, жер қойнауын пайдалану саласындағы мемлекеттік басқарудың сапалы деңгейі жоғарылатылады, жемқорлық пен кедейшілікпен күресудің бастамасы құрылады, жоғары деңгейдегі экономикалық және саяси тұрақтылық пайда болады, азаматтардың тараптары жағынан Үкіметке деген сенімділік дәрежесі артады.

1. Экологическое право/под ред. С.А. Балашенко, Т.И. Макаровой, В.Е. Лизгаро. - Минск, 2009.

2. Сапогин А.Н. Экологическое право. - Минск, 2007.

3. Қазақстан Республикасының мұнай және газ министрлігінің ресми сайты – <http://mgm.gov.kz> – Мұнайгаз саласындағы 2011 жылғы жұмыс қорытындысы.

4. «Тенгизшевройл» - www.tengizchevroil.com –ТШО (Тенгизшевройл) туралы// ТШО тарихы – 2012 жыл

5. http://www.kmg.kz/press/company_news/press_release/5281 - Ұлттық компанияның жылдық табысы.

6. Д. Байдельдинов в современных условиях законодательство в сфере недропользования для эффективности регулирования отношений по разведке и добыче недр Казахстана должно выйти на новый уровень развития// Казахстанская правда// 2005-2010 Учёт.kz

7. Экологическое право/под ред. С.А. Балашенко, Макаровой Т.И., Лизгаро В.Е. - Минск, 2009.

8. 2005 - 2012 © ИД Казахстаника. www.investkz.com – А. Аккайсиева “Соглашения о разделе продукции в Казахстане: проблемы и пути совершенствования”.

9. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 желтоқсандағы № 1210 қаулысымен бекітілген Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің 2009–2011 жылдарға арналған стратегиялық жоспары. (mgm.gov.kz/doc/str_plan2009-2011kaz100609.doc)

В данной статье автор рассматривает проблемы связанные с «прозрачностью операций» в сфере недропользования и предлагает пути решения данной проблемы.

In the article there are researches problems which are connected with «transparency of the operations» in the sphere of the subsoil using and suggests ways of the solving the problems.

Ш. Есжанов

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУДЫ ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІ

Дамыған қоғамда әрбір адам өз денсаулығына жағымсыз көптеген жағдайлармен кездеседі. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінде Қазақстан Республикасы орнықты дамуының экологиялық негіздері бекітілген. Солардың бірі, адам өмірі мен денсаулығы үшін қолайлы қоршаған ортаны қамтамасыз ету жөніндегі мақсатқа мемлекеттің қол жеткізуі. Ал Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының қағидаларының қатарында, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік реттеу және табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы мемлекеттік басқаруды атап өтуге болады. Осы аталған негіздер мен қағидаларды ұстанып қоршаған ортаны қорғау үшін мемлекеттік экологиялық бақылау дұрыс жүзеге асуы қажет. Экологиялық бақылаудың құқықтық негізін Қазақстан Республикасының 09.01.2007 жылы қабылданған Экологиялық кодексі болып табылады [1].

Экологиялық бақылау, бұл жалпы мемлекеттік бақылаудың бөлігі болып табылады. 2011 жылы Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы заңы қабылданды, ол мемлекеттік бақылаудың және қадағалаудың жалпы құқықтық негіздерін реттейді және бақылау мен

қадағалау қызметін жүзеге асырудың бірыңғай қағидаттарын белгілеуге, сондай-ақ мемлекеттік органдардың, өздеріне қатысты мемлекеттік бақылау және қадағалау жүзеге асырылатын жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған [2]. Бұл заңға сәкес мемлекеттік бақылау дегеніміз мемлекеттік органның тексерілетін субъектілерді Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға олардың қызметінің сәйкестігі нысанасында тексеру және байқау жөніндегі қызметі, оны жүзеге асыру барысында және нәтижелері бойынша жедел ден қоймастан құқық шектеу сипатындағы шаралар қолданылуы мүмкін. Сонымен қатар мемлекеттік қадағалау бұл заңда былай деп көрсетілген. Ол мемлекеттік органның тексерілетін субъектілердің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауын тексеру және байқау жөніндегі қызметі, оны жүзеге асыру барысында және нәтижелері бойынша құқық шектеу сипатындағы, оның ішінде жедел ден қою шаралары қолданылуы мүмкін.

Мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруда басшылыққа заңдылық; бәрінің заң және сот алдындағы теңдігі; жеке немесе заңды тұлғаның адалдық презумпциясы; жариялылық; бақылаудың және қадағалаудың жоспарлылығы мен жүйелілігі; мемлекеттік органдар лауазымды адамдарының кәсіптік біліктілігі мен құзыреттілігі; бақылау және қадағалау органдары лауазымды адамдарының өз лауазымдық міндеттерін орындамағаны не тиісінше орындамағаны және олардың өз өкілеттіктерін асыра пайдаланғаны үшін жауаптылығы; жазалау алдында құқық бұзушылықтың алдын алудың басымдығы; қажеттілік пен жеткіліктілік; мемлекеттік органдар арасындағы бақылау өкілеттіктерінің аражігін ажырату; адал тексерілетін субъектілерді көтермелеу, құқық бұзушыларға бақылау мен қадағалауды шоғырландыру; тексерілетін субъектілер мен тұтынушылардың өз заңды құқықтарын дербес қорғауға қабілеттілігін арттыру; мемлекеттік бақылау және қадағалау жүйесінің есептілігі мен ашықтығы; тәуелсіздік; объективтілік және турашылдық; дәйектілік қағидаларына негізделеді.

Бақылаудың және қадағалаудың міндеті экономикалық қауіпсіздікті, алдау практикасының алдын алуды, табиғи және энергетикалық ресурстарды үнемдеуді, ұлттық өнімдердің бәсекеге қабілеттілігін арттыруды әрі жеке және заңды тұлғалардың конституциялық құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін қорғауды қоса алғанда, тексерілетін субъект өндіретін және сататын өнімдердің, технологиялық процестердің адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіпсіздігін, олардың мүлкін қорғауды, қоршаған ортаның қауіпсіздігін, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады.

Экологиялық бақылау – табиғат пайдалану мен қоршаған ортаны зиянды әсерлерден қорғау мен рационалды пайдалануды қамтамасыз етудің маңызды құқықтық іс-шаралары, экологиялық құқықтың құқықтық институтының және мемлекеттік басқару қызметі. В.В. Петровтың пікірі бойынша, экологиялық бақылау, жалпы алғанда «кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың, яғни шаруашылық қызметтермен айналысатын барлық субъектілер мен азаматтардың табиғи ортаны қорғаудың және қоғамның экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету талаптарын сақтауын тексеру» [3, 239б.]. Демек, қоршаған ортаға экологиялық бақылау жүргізу – жүйелі түрде жүретін белгілі бағдарлама бағытында орындалатын қоршаған ортаның табиғи ресурстарының, өсімдіктер және жануарар әлемінің антропогенді іс-әрекет әсерінен өзгеру үрдістерін және мұнын жағдайын бақылауды айтамыз.

Экологиялық бақылау объектілеріне жататындар:

- қоршаған ортаның және оның жекелеген объектілерінің шаруашылық және өзге де қызметтер әсерінен өзгеруінің дәрежесі мен жағдайы;
- экологиялық заңнаманың орындалуы мен сақталуы;
- заңды және жеке тұлғалардың табиғат қорғау шараларын орындау бойынша қызметтері, сондай-ақ мемлекеттік экологиялық сараптама жарлықтары;
- шарттарда (келісім шарттарда) көзделген шарттар, қоршаған ортаны қорғау саласындағы экологиялық талаптардың орындалуын, арнайы табиғат пайдалануға лицензиялар және басқа да объектілер.

Экологиялық бақылаудың бұл объектілері ҚР Экологиялық кодексінің 114-бабында «мемлекеттік экологиялық бақылаудың бағыттары» ретінде айқындалған, олар туралы мемлекеттік бақылау тарауында баяндалады.

Объектілеріне байланысты экологиялық бақылау бірнеше нысандарда жүргізіледі:

- интеграцияланған – бүкіл қоршаған ортаны қамтитын;
- кешенді – объектілер тобы мен кешендер кешенін қорғауға байланысты;
- дифференцияланған – табиғаттың жекелеген объектілерін қорғауға бағытталған.

Экологиялық бақылау арнайы әдістерді қолдану арқылы жүзеге асырылады:

- қоршаған ортаның сапалы жағдайы мен жекелеген табиғи объектілерді бақылау;
- экологиялық және санитарлық органдардың бұйрықтарын орындалуын тексеру;

- экологиялық заңнаманың талаптары мен нормаларының сақталуын тексеру;
- экологиялық зиянды өндірістерді тоқтату, тоқтата тұру және шектеу;
- кінәлі тұлғаларды жауапкершілікке тарту.

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінде қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды қорғау, молықтыру мен пайдалану саласында мемлекеттік бақылауға келесі түрлер жатқызылған: экологиялық бақылау, жерлердің пайдалануы мен қорғалуын бақылау, су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы бақылау, жер қойнауын зерттеу мен пайдалану саласындағы бақылау, Қазақстан Республикасының орман заңнамасы саласындағы бақылау, жануарлар дүниесін қорғау, молықтыру және пайдалану саласындағы бақылау, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы бақылау (ҚР ЭК 111-бабы). Табиғи ресурстардың жекелеген түрлерін пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды сәйкесінше, арнайы уәкілетті органдар жүзеге асырады, ҚР Экологиялық кодексінде аталған органдар бекітілген, олар қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган, су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган, жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті орган, орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган, жануарлар дүниесін қорғау, молықтыру және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган, жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган, өнеркәсіп қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган, ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган, өсімдіктерді қорғау мен олардың карантині саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган, атом энергиясын пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган, көлікті бақылау органдары болып табылады.

Мемлекеттік экологиялық бақылаудың міндеті – барлық мемлекеттік органдардың, кәсіпорындардың, ұйымдардың және осындай талаптар қойылған азаматтардың қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану бойынша талаптардың орындалуын бақылау болып табылады.

Қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды қорғау, молықтыру мен пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылаудың мақсаты экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, табиғи және энергетикалық ресурстарды үнемдеу, биологиялық ресурстарды орынды пайдалану, ұлттық өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып табылады (ҚР ЭК 111-бабы).

Соңғы жылдары Қазақстан Республикасында мемлекеттің болашақ кезеңде дамуына арналған бағдарламалық құжаттар, оның ішінде қоршаған ортаны қорғау, экологиялық қауіпсіздік және табиғатты тиімді пайдалану саласына арналған құжаттар қабылданды. Мемлекеттік экологиялық бағдарламаларды жүзеге асырудың, сондай-ақ мемлекеттік бақылауды басқарудың біртұтастығымен кезектілігін қамтамасыз ету мақсатында қоршаған ортаны қорғау саласындағы жүйе бақылауды іске асырудың бағдарламалы, мақсаттылық әдісін қазіргі кезге қарағанда кеңірек пайдалану қажет. Алайда, қазірге дейін аталған әдіс экологиялық құқық шеңберінде жеткілікті қарастырылмаған.

Экологиялық бақылау жүргізу мынадай негізгі кезеңдерден тұрады:

1. Бақылау нысанын анықтау;
2. Белгіленген нысанды зерттеу;
3. Бақылау нысанына ақпараттық модель құрастыру;
4. Зерттеу жұмысын жоспарлау;
5. Бақылау нысанының жағдайына баға беру және оны ақпараттық модельмен салыстыру;
6. Бақылау нысанының жағдайының өзгеруін болжау;
7. Қолдануға ыңғайлы дәрежеде ақпаратты тұтынушыларға жеткізу.

Мемлекеттік экологиялық бақылау:

1) қоршаған ортаға эмиссияларды және табиғи ресурстарды есепке алу жөніндегі статистикалық ақпаратты, сондай-ақ табиғатты пайдаланушылардың табиғат қорғау қызметі туралы деректерін талдау;

2) табиғат пайдаланушылардың Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын сақтауы мен орындауына тексерулер ұйымдастыру және жүргізу;

3) Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету үшін құқықтық құралдарды пайдалану жолымен жүзеге асырылады.

Мемлекеттік экологиялық бақылау шаралар кешенін, оның ішінде:

- 1) бақылаудың басымдықтарын айқындауды;
- 2) бақылаудың қолданыстағы құралдарын пайдалануды;
- 3) қызметтің перспективалық жоспарларын, нақты іс-шаралар мен қажетті кадрлық және материалдық ресурстарды, сондай-ақ сапалық және сандық көрсеткіштерді әзірлеу мен енгізуді;

4) тексерілетін объектілер бойынша жұмыстардың жылдық және жедел жоспарларын әзірлеу мен енгізуді;

5) инспекторлық тексерулер жүргізуді;

6) талдама бақылаудың деректерін және мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыру үшін қажетті өзге де ақпаратты жинауды, талдау мен пайдалануды;

7) мемлекеттік экологиялық бақылау бөлімшелері қызметінің перспективалық, жылдық және жедел жоспарларын есепке алуды, құжаттауды және олардың іске асырылуын талдауды;

8) мемлекеттік экологиялық бақылау бөлімшелері қызметінің ашықтығы мен есеп беруін қамтамасыз етуді қамтиды.

Қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды қорғау, молықтыру мен пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылаудың мақсаты экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, табиғи және энергетикалық ресурстарды үнемдеу, биологиялық ресурстарды орнықты пайдалану, ұлттық өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып табылады.

Мемлекеттік экологиялық бақылау арнайы лауазымды адамдармен жүзеге асырылады. Олар:

лауазымы бойынша қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органның мемлекеттік экологиялық бақылау бөлімшесінің басшысы болып табылатын Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік экологиялық инспекторы;

лауазымы бойынша қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органның мемлекеттік экологиялық бақылау бөлімшесі басшысының орынбасары болып табылатын Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік экологиялық инспекторының орынбасары;

лауазымы бойынша қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органның мемлекеттік экологиялық бақылау бөлімшесінің басқарма бастықтары мен бастықтарының орынбасарлары және бөлім бастықтары болып табылатын Қазақстан Республикасының аға мемлекеттік экологиялық инспекторлары;

лауазымы бойынша қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның мемлекеттік экологиялық бақылау бөлімшесінің бас және жетекші мамандары болып табылатын Қазақстан Республикасының мемлекеттік экологиялық инспекторлары;

лауазымы бойынша облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық органдары бастықтарының орынбасарлары болып табылатын облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) бас мемлекеттік экологиялық инспекторлары;

лауазымы бойынша облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық органдары мемлекеттік экологиялық бақылау бөлімшелерінің бастықтары болып табылатын облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аға мемлекеттік экологиялық инспекторлары;

лауазымы бойынша облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық органдары мемлекеттік экологиялық бақылау бөлімшелерінің бас және жетекші мамандары болып табылатын облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) мемлекеттік экологиялық инспекторлары;

облыстық маңызы бар қалалардың және аудандардың мемлекеттік экологиялық инспекторлары жатады.

Мемлекеттік экологиялық инспекторлардың өз өкілеттігі шегінде қабылдаған шешімдерін барлық жеке және заңды тұлғалар орындауға міндетті және солар бойынша жоғары тұрған мемлекеттік органға және (немесе) лауазымды адамға немесе сотқа шағым жасауға болады.

Демек, экологиялық бақылау осы саладағы құқықтық қатынастардың қатысушыларының іс-әрекеттерін реттейтін құқықтық норма, осы нормаларды жүзеге асыру кезінде туындайтын құқықтық қатынастар, осы саладағы құқықтық қатынастардың субъектілерінің әрекеттерінен тұрады. Осы элементтердің әрқайсысының өз ерекшеліктері бар.

1. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі. 09.01.2007 ж.

2. Қазақстан Республикасы. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы Заңы. 2011. // Параграф ақпараттық жүйесі. 2012.

3. Петров В.В. Экология и право. – М., 1981.

В данной статье рассматриваются некоторые вопросы проведения экологического контроля.

This article discusses some of the issues of environmental control.